

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

**Х Астана экономикалық форумы аясындағы
«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

жизненную ситуацию. Такие общественные объединения вносят свой посильный вклад в решение данной социальной проблемы. Однако, такие мероприятия носят очаговый характер, и о которых население недостаточно информировано.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 27.01.2012 г. «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана».
2. Основные показатели за 2003-2014 годы. Социальная политика. Комитет по статистике министерства национальной экономики РК. Интернет-ресурс: stat.gov.kz.

ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекбенбетова Б., Аймұрза А.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zara_52@mail.ru

«Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет», деп Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы Жолдауында басып айттылған [1].

Сондықтан, бүгінгі таңда кәсіпорынның түрлі деңгейдегі ресурстарын, соның ішінде қаржы ресурсын тиімді пайдалану өзекті мәселеге айналып отыр. Яғни, кәсіпорынның қаржы ресурстарын тиімді пайдалану жүйесін жетілдіру, шығындарды төмендету қажеттілігіне үлкен зер қою керек. Бұл жерде туындайтын мәселе – осы аталған жұмыстарды жүзеге асыру жолдарын қарастыру, яғни өндіріс қаржысына қатысты қызметті тиімді ұйымдастыру, басқару, талдау, нәтижелі жұмыстарының жетілдіру болып табылады. Кәсіпорын ресурстарын тиімді пайдалану негізінде өндіріс рентабельділігін жоғарлату жолдарын жетілдіру, қолда бар қорлар жағдайында сатып алу көлемін қай деңгейде жоспарлау, қандай үдерістерді жетілдіруге ең алдымен қаражатты инвестициялау және т.б. осындай басты мәселелерді шешу қажет деп есептейміз.

Кәсіпорында қаржылық қатынас – оның меншікті қаражатының, кірісінің құралуы, сонымен қатар шаруашылық қызметті қаржыландыруда қарыз көздерін тарту, осы қызмет нәтижесінде пайда болған кірістерді бөлу арқылы пайда болған қаражатты кәсіпорынның даму мақсатында пайдалануы негізде қалыптасады.

Сонымен, кәсіпорынның дамуына бағытталатын қаржылық ресурстар қатарына: амортизациялық аударымдар; шаруашылық және қаржылық қызметтердің барлық түрінен алынатын пайда; серіктестіктерге қатысушылардың қосымша пай жарналары; облигацияларды шығарудың алынатын қаражаттар; ашық және жабық акционерлік қоғам акцияларын шығару және орналастыру көмегімен орналастырылған қаражаттар; басқа кредиторлардың ұзақ мерзімді несиелері (облигациялық заемдардан басқа); басқа заңды қайнар көздер (мысалы, кәсіпорындардың, ұйымдардың, азаматтардың өз еркімен берген қайтарымсыз жарналары).

Қаржылық ресурстар мен капитал өндіріс қаржыларын зерттеудің басты объектісі болып табылады. Реттелетін нарық жағдайында «капитал» түсінігі қолданылады, ол қаржыгерлер үшін фирманың жаңа кірістерін алу мақсатында үнемі әсер етуге болатын нақты объект болып саналады. Яғни, капитал - өндіріс арқылы айналымға салынған және осы айналымнан кіріс әкелетін қаржы ресурстарының бөлігі немесе қаржы ресурстарының айналған формасы ретінде болады.

Кәсіпорын капиталы үнемі айналымда, өйткені ол өндіріс үдерісіне қатысу арқылы жаңа кірістер әкелуі керек. Сондықтан, неғұрлым кәсіпорынның банктегі есеп айырысу шотында ақшалай қаражаттардың қалдығы төмен, бірақ қажетті деңгейден аз болмағаны дұрыс, өйткені қозғалыссыз жатқан қаражат кіріс әкелмейді.

Дайындалатын өнімнің (тауардың) материалды негізін шикізаттар, материалдар, сатып алынатын комплектілеу тауарлары және жартылай фабрикаттар алатын болғандықтан, олардың құндары басқада материалдық шығындармен, негізгі өндірістік қорлардың тозуымен, жұмысшыларға төленетін жалақымен қатар өзіндік құн формасында болатын, кәсіпорынның өнімді өндірудегі шығындары қатарына жатады. Кіріс түскенге дейін бұл шығындар кәсіпорынның шығындалмайтын, ал өндіріске авансталатын айналым қаражаттары есебінен қаржыландырылады. Тауарды өткізуден түсім түскеннен кейін айналым қорлары қалпына келтіріледі, ал кәсіпорынның өндіріс бойынша шаққан шығындарының орны толтырылады.

Өндірілетін өнімнің (тауардың) материалды негізін шикізаттар, материалдар, сатып алынатын комплектілеу тауарлары және жартылай фабрикаттар алатын болғандықтан, олардың құндары басқада материалдық шығындармен, негізгі өндірістік қорлардың тозуымен, жұмысшыларға төленетін жалақымен қатар өзіндік құн формасында болатын, кәсіпорынның өнімді өндірудегі шығындары қатарына жатады. Түсім түскенге дейін бұл шығындар кәсіпорынның шығындалмайтын, ал өндіріске авансталатын айналым қаражаттары есебінен қаржыландырылады. Тауарды өткізуден түсім түскеннен кейін айналым қорлары қалпына келтіріледі, ал кәсіпорынның өндіріс бойынша шаққан шығындарының орны толтырылады.

Қаржы ресурстарын анықтаудағы ең қолайлы негізгі принцип болып, оларды түрлерге жатқызу: амортизациялық аударым, жиынтық кіріс (пайда), айналым қаражаттарының қалыптасқан артық көлемі, тұрақты пассивтер және тағы басқалар, сонымен қатар олардың кәсіпорынның қаражаттар айналымы үдерісіндегі нақты ролін айқындау болып табылады.

Сондықтан, кәсіпорынның қаржы ресурстарын, үш негізгі топқа бөлу экономикалық тұрғыдан дұрыс деп есептейміз:

– меншікті және оларға теңестірілген қаражаттар есебінен қалыптасқан қаржы ресурстары;

– қаржы нарығында мобилизацияланған ресурстар;

– қайта бөлу есебінен түскен ресурстар [2].

Жеделдетілген амортизациямен қатар соңғы жылдары негізгі қорларды қайта бағалау да үлкен мәнге ие болып отыр.

Қайта бағалаудың үдерісінің мақсаты - негізгі активтерді жаңалау үшін керекті ақшалай қаражаттар қорын қалыптастыруға жағдай жасау, мүлікті бағалау және тозуды есептеу үшін алғашқы құндық базаны жаңалау болып табылады. Қайта бағалау үдерісіне барлық негізгі қорлар кіргізіледі, оның ішінде әрекеттегідері және консервацияланғандары, резервтегілері мен запастардағылары, аяқталмаған құрылыстардағылары, жалға немесе уақытша пайдалануға берілгендері, списанияға шығаруға дайындалғандары, бірақ өшіруге акт жасалмағандары.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа негіздеріне өтуде елдің экономикасында нарықтық механизмдерді активизациялауда кәсіпорынның қаржы ресурстарын қалыптастырудың қайнар көздерінің ішінде материалды емес активтердің амортизациясы үлкен мәнге ие. Кәсіпорынның қаржылық жұмысты ұйымдастыру кезінде үлкен қиыншылықтармен қақтығысады. Нәтижелі қызмет жүргізіп жатқан өндіріс орындарының тәжірибесі – осы мәселені шешудің қысқа жолының кәсіпорын басшыларының қолында екендігін көрсетті. Қазіргі таңда өндіріс қызметінде қаржы жұмысын қайта құрудың екі тәсілі кеңінен қолданылады:

– егер де басшы – кәсіби қаржыгер болса, ол қаржы қызметін қайта құруды өзі реттейді. Бұл тиімді нұсқа, бірақ отандық тәжірибеде көп кездеспейді;

–кәсіпорынның қаржы қызметінің міндеттері мен көптеген қосымша қызметтерін түсінетін басшы, бірақ ол кәсіптің барлығын нақты білетін кәсіби қаржыгер болмаса, тәжірибеге қаржы жұмысын ұйымдастырудың керекті моделін қою мен енгізу үшін сыртқы ұйымды тартуы.

Яғни, кәсіпорын қаржы қызметкерлерінің алдында тұрған көптеген жұмыстардың құрамы келесі түрде көрінеді. Бірінші бағыт шеңберінде жалпы бағалау жүргізіледі:

–кәсіпорын активтері және оларды қаржыландыру қайнар көздеріне;

–кәсіпорынның қол жеткізген экономикалық потенциалын ұстап тұруға және оның қызметін кеңейтуге керекті ресурстар шамасы мен құрамына;

–қосымша қаржыландырудың қайнар көздеріне;

–қаржы ресурстарын пайдаланудың жағдайы мен тиімділігін бақылау жүйесіне.

Екінші бағыт нақты бөлшекті бағыттарды бағалауды қарастырады:

–керекті қаржы ресурстарының көлемін;

–оларды ұсыну формаларын (ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді несие, нақты ақша);

–қол жеткізу мен уақыт дәрежесін (қаржы ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі келісім шарт арқылы анықталады; қаржыға керекті көлемде және керекті уақытта қол жеткізе алу керек);

–ресурстардың осы түрін иелену құнын (пайыз ставкалары, қаражаттардың осы қайнар көздерін ұсынудың басқалай формальды және формальды емес жағдайлары);

–қаражаттардың осы түрімен ассоциацияланатын тәуекел (яғни, меншік иелерінің капиталы қаражаттардың қайнар көзі ретінде банктің мерзімді ссудасына қарағанда аз тәуекелді болады).

Үшінші бағыт инвестициялық сипаттағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шешімдердің талдауы мен бағасын қарастырады:

–қаржы ресурстарының трансформациясының тиімділігін;

–қаржы салымдарының тиімділігін [3].

Қаржылық шешімдерді жоғарыда аталған бағалауларды пайдалана отырып қабылдау өтеулілік, қаржылық тұрақтылық және тиімділік талаптары арасындағы компромиссті есепке алатын, альтернативті шешімдер нәтижесінде орындалады.

Қаржы ресурстарын басқару кәсіпорынды басқарудың жалпы жүйесінің маңызды тармағы болып саналады. Айналым қаражаттарының айналымын жоғарылату (жеделдету) запастарды сақтаумен байланысты нәтижелер мен шығындарды анықтауға және запастар мен шығындардың дұрыс балансын жүргізуге әкеледі. Айналым қаражаттарының айналымын жеделдету үшін кәсіпорында төмендегі жұмыстарды жүргізген жөн:

–керекті материалдарды сатып алуды жоспарлау;

–қатаң өндірістік жүйелерді енгізу;

–қазіргі заманға сай қоймаларды қолдану;

–сұранысты болжауды жетілдіру;

–шикізат пен материалдарды тез жеткізу.

Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану бойынша негізделген шешім қабылдау үшін, ең алдымен кәсіпорын қызметінің қаржылық тұрақтылығының типін анықтау керек. Қаржылық тұрақтылық типтерін 4 топқа бөлуге болады: жақсы тұрақты жағдайдағы кәсіпорын, орташа тұрақты жағдайдағы кәсіпорын; нашар тұрақты жағдайдағы кәсіпорын; дағдарысты қаржылық жағдайдағы кәсіпорын [4].

Айта кететін жағдай, инвестициялар бойынша шешім қабылдау ең маңызды және сол мерзімдегі кәсіпорынның қаржы ресурстарын басқару процесінің алғашқы құрамдастық бөлігі ретінде көрінеді, өйткені олардың қайтарым мерзімі ұзақ уақыт аралығына анықталады. Кәсіпорынның қаржы ресурстарын басқарудың тиімділігін бағалау маңызды дәрежеде активтерге инвестициялаудың тиімділігін бағалаумен ұштасады, өйткені бұл инвестициялар қаржылық ресурстармен – меншікті және тартылған ресурстармен қамтамасыз етіледі. Және керісінше, қаржы ресурстарының мәнінен олардың негізгі

тағайындалуының – қайта өндірістің қажеттіліктерін тұтас қаржыландыру мен бөлшекті түрде кеңейтілген қайта өндірісті қаржыландыру болып табылатындығын көреміз.

Яғни, бұл жағдайда қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігі оларды инвестициялау тиімділігіне шартталғанын байқалады. Басқаша айтқанда инвестициялар қаржы ресурстарының мәнін сипаттайтын процессретінде, кеңейтілген қайта өндіріс процесінде іскерлік қатынастардың метриалды ұстаушылары ретінде болады. Қаржы нарығының тұрақтылығына, маңызды қаржылық тәуекелдерге, нарықтық экономикасы дамыған елдерде қабылданған инвестицияның тиімділігін бағалаудың тәсілдері Қазақстанда бірқатар ерекшеліктерге ие болды, олар әрекеттегі пайыздық ставкалар, кәсіпорынның капитал құрылымының әр түрлі макроэкономикалық циклдардағы серпіні, бірқатар факторлар қатынасында инфляция көрсеткіштерін есептеуде есепке алудың қажеттілігімен байланысты.

Бүгінде қаржылық болжау процесінде алдыңғы қатарға ақша ағынын дисконттау моделі ұсынылады. Шаруашылық субъектілерінің қаржылық жоспарында ақша ағынын дисконттау және модельдерді есепке алуды құрастырудың қажеттілігі төмендегі жағдаймен анықталады: қаржылық нәтижені болжау кезінде көрсетілетін шығындардың көп бөлігі төлемдер тәртібіне әсер етпейді. Мысалы, шаруашылық субъектілерінің айналым қаражаттары оның шығын ретінде пайда және шығын болжамына түскенге дейін төленеді [5].

Сонымен, жоғарыда айтылғандармен байланысты келесі тұжырым жасауға болады: пайда есепті шоттағы ақшалай қаражаттардың артықшылығын сипаттамайды, ал нақты ақшаның артық көлемі өз кезегінде кәсіпорын пайда алып жатыр дегенді білдірмейді. Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігі жағдайында бұл маңызды мәселеге айналуы мүмкін, өйткені нақты ақшаның артық көлемі пайдалы жұмысты сипаттамайды. Кейінге қалдырылған кредиторлық қарыздың жоғарғы деңгейін иеленгенде кәсіпорын маңызды қаржылық қиыншылықтарға ұшырауы мүмкін, өйткені кредиторлардың қысымы дебиторлық қарызды алғанға дейін, кәсіпорын қызметіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Ақша ағынының болжам моделін жасаудың негізгі міндеті ақша қаражаттарының түсімі мен шығындалуының синхрондылығын тексеру, кәсіпорынның болашақтағы өтеулілігін бағалау және осылайша қабылданған басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру болып табылады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. Akorda.kz
2. Ниязов Т. Ж. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастырудың объективті қажеттіліктері мен жалпы принциптері. Экономика и статистика №1, 2007 жыл, 34 – 37 б.
3. Дюсембаев К.Ш. Аудит и анализ финансовой отчетности. Алматы, 1998
4. Левчаев П.А. Система финансовых ресурсов предприятия //Экономический анализ: теория и практика. – 2010. - №16. – с.40-47
5. Селезнева Н.Н., Ионова А.Ф. Финансовый анализ: Учебное пособие. – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2008.

К ВОПРОСУ О ВЛИЯНИИ ФИНАНСОВОГО ПОСРЕДНИЧЕСТВА НА ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ

Азылканова С.А., Жанабаева Ж.К., Кушкинова А.С.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: azsaule@mail.ru, zhanna_1970@mail.ru, kushkinovaa@bk.ru

Проблема экономического роста страны является одной из наиболее актуальных и интенсивно обсуждаемых в настоящее время. В современных условиях наряду с